

Бекітемін _____
№67 «Шұғыла» балабақшасының
меңгерушісі А.Джуматаева
« 1 » 06 2023 жыл



**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН
ӨЗІН – ӨЗІ БАҒАЛАУ**

1. Балабақшаның жалпы сипаттамасы

Балалардың жасы: 2-6

Топтардың саны: 12

Шағын орталық: 2

Кіші топ -1;

Ортаңғы топ – 3;

Ересек топ – 5;

Мектепалды тобы – 3 (балабақшада); - 2 (шағын орталықта).

Жыл бойы балалар жасына сәйкес дамып, бағдарламалық материалды оқып, дамудың барлық бағыттары бойынша оң қарқынды көрсетті. Жаңадан ашылған кіші «Ботақан», ортаңғы «Еркетай», «Құлыншақ» топтарында балалар балабақшаға жақсы бейімделді.

2. Оқу жылына қойылған мақсаттар мен міндеттер

№ 67 «Шұғыла» балабақшаның 2022 –2023 оқу жылына жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жылдық мақсат пен міндеттерге сүйене отырып өткізілді.

2022 /2023 оқу жылының мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: балабақшада әртүрлі даму деңгейіндегі балаларға заманауи жабдықтар мен ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен білім беруге жағдай жасай отырып, дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сыни тұрғысынан ойлайтын тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту іс-шараларын жалғастыру, балалардың салауатты өмір салты мен қауіпсіздік негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру.
2. Педагогтердің құзыреттілігін қалыптастыруды жалғастыру, кәсіби өсуінің үздіксіздігін және ғылыми-зерттеу әрекетінің мәдениетін қамтамасыз ету. Бағалаудың жаңа түрі ECERS шкаласын меңгерту.
3. Тәрбиелеу мен білім беру үрдісін ойын іс-әрекеті түрінде қалыптастыру.
4. Ата-аналар, педагогтер және балалардың бірлескен жұмысының белсенді түрлерін қолдану.

Топ тәрбиешілеріне келесі міндеттер қойылды:

- ✓ Бала денсаулығын қорғау мен сақтау екендігін ескере отырып, балалардың жасына сәйкес барлық жас кезеңдері бойынша қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру;
- ✓ Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа бағдарлама негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттерін тек топ бөлмесінде балаларды үстел басына отырғызып өткізумен шектемей, жатын бөлмеде төсеніштің үстіне отырғызып (жатып), таза ауада (ауа-райының жағдайларына байланысты), сондай-ақ күннің бірінші және екінші жартысында балаларға жайлы жағдайларда өткізу;
- ✓ Ұлттық құндылықтар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту;
- ✓ Балалардың қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша ашуға және дамытуға жағдай жасауы;
- ✓ Заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.
- ✓ Жыл бойы күн тәртібі және балалардың балабақшада болуына қойылатын барлық санитариялық-гигиеналық талаптар қатаң сақталынды. Жоспарға сәйкес әр баланың және жалпы топтың дамуының оң қарқынын растаған тәрбиеленушілерге медициналық, педагогикалық тексеру жүргізілді.

3. МЖМБС бойынша жұмысты талдау. Педагогикалық диагностика нәтижелерін жалпылама талдау.


Балалармен ағымдағы жылға бекітілген оқу жоспарына, бес дағды бойынша тікелей білім беру қызметінің кестесіне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүйелі түрде өткізілді: «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру».

2022 –2023 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің білім беру бағдарламасын меңгеру сапасының мониторингі келесі нәтижелерді көрсетті :


Топтардың атауы	Бастапқы мониторинг бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі	Аралық мониторинг бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі	Қорытынды мониторинг бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі
Кіші «Ботақан»	Бейімделу	Төмен – 51% Орташа - 46% Жоғары -3%	Төмен - 2% Орташа - 28% Жоғары -70%
Ортаңғы «Еркетай»	Бейімделу	Төмен – 36% Орташа -32% Жоғары -32%	Төмен – 9% Орташа – 23% Жоғары -68%
Ортаңғы «Құлыншақ»	I -15% II -64% III -21%	Төмен – 1% Орташа – 31% Жоғары -68%	Төмен -8% Орташа – 19% Жоғары -73%
Ортаңғы «Қошақан»	I -22% II – 56% III – 22%	Төмен – 18% Орташа – 58% Жоғары – 24%	Төмен – 3% Орташа -30% Жоғары -67%
Ересек «Айгөлек»	I -0% II- 40% III – 60%	Төмен -20% Орташа – 32% Жоғары – 48%	Төмен -0% Орташа – 2% Жоғары -98%
Ересек «Балапан»	I – 5% II – 73% III -22%	Төмен – 6% Орташа – 30% Жоғары – 64%	Төмен – 0% Орташа – 4% Жоғары – 96%
Ересек «Жұлдыз»	I -0% II -89% III- 11%	Төмен – 32% Орташа -40% Жоғары -28%	Төмен -0% Орташа – 8% Жоғары -92%
Ересек «Самғау»	I -0% II -56% III -44%	Төмен – 28% Орташа – 48% Жоғары – 24%	Төмен – 0% Орташа – 4% Жоғары -96%
Ересек «Тұлпар»	I -0%	Төмен – 9%	Төмен -0%

	II -56% III -44%	Орташа – 35% Жоғары -56%	Орташа – 6% Жоғары - 94%
Мектепалды «Аққу»	I -3% II- 90% III -7%	Төмен – 4% Орташа – 75% Жоғары – 21%	Төмен – 0% Орташа – 4% Жоғары -96%
Мектепалды «Қыран»	I -0% II-8% III-92%	Төмен -0% Орташа – 30% Жоғары -70%	Төмен -0% Орташа -0% Жоғары -94%
Мектепалды «Қарлығаш»	I -0% II- 8% III-92%	Төмен – 10% Орташа – 67% Жоғары - 23%	Төмен -0% Орташа – 12% Жоғары – 100%
Мектепалды «Балдырған» ШО	I-0% II-84% III-16%	Төмен – 6% Орташа – 67% Жоғары – 27%	Төмен – 0% Орташа -0% Жоғары -100%
Мектепалды «Сұңқар» ШО	I- 0% II -74% III -26%	Төмен – 21% Орташа – 74% Жоғары – 5%	Төмен – 0% Орташа -0% Жоғары – 100%


Бастапқы мониторинг бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі



Аралық мониторинг бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі




Қорытынды мониторинг бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі



Жалпы балабақша бойынша 2022-2023 жылы тәрбиеленушілердің бағдарламаны меңгеруі - 87% құрады. Нақты айтатын болсақ:

- ✓ «Физикалық қасиеттерді дамыту» - 89 %;
- ✓ «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» - 86%;
- ✓ «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» - 88%;
- ✓ «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» - 86%;
- ✓ «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» - 86%.



Тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны, әдістеріне қойылатын талаптардың орындалуын талдау, сондай-ақ балалардың бағдарламалық материалды меңгеруін талдап оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың барлық бағыттары бойынша тұрақтылық пен оң қарқынды көрсетеді.

Бұл үдеріске тәрбиешілер, мамандар, балабақша әкімшілігі мен ата-аналардың тығыз ынтымақтастығы, сондай-ақ әр балаға жеке көзқарас пен дамыта оқыту тәсілдерін пайдалану оң әсер етеді.

Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында алған білімдері мен дағдыларын жүйелі түрде бекіту және балалар қызметінің әр түрінде қолдануды жалғастыру қажет. Тиісті білімді, білік пен дағдыларды дамытуға мүмкіндік

беретін әр түрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес жұмыс әдістерін пайдалануға ерекше назар аудару қажет.

4. Балабақшада өткізілген іс-шараларды талдау.

Жылдың ішінде балабақшада келесі мерекелік іс-шаралар өткізілді:

- ✓ «Білім күні»
- ✓ «Республикам менің!»
- ✓ «Алтын күз!»
- ✓ «Екі жұлдыз»
- ✓ «Тәуелсіздік тұғырым!»
- ✓ «Қош келдің, Жаңа жыл!»
- ✓ «Әуенді тап!»
- ✓ «Үздік тәрбиеші»
- ✓ «Аяулы аналар, ардақты әжелер!»
- ✓ «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні!»
- ✓ «Мен және Робот»
- ✓ «Әнші балапан»
- ✓ «Көңілді тапқырлар»
- ✓ «Ақпыз, қара, сарымыз, ағайынбыз бәріміз!»
- ✓ «Ұлы Жеңіс жасасын!»
- ✓ «Жігіт сұлтаны»
- ✓ «Қош бол, балабақша!»

Сонымен қатар қолөнер мен сурет көрмелері ұйымдастырылды:

- ✓ «Менің сүйікті балабақшам!»
- ✓ «Күз сыйлары»
- ✓ «Жаңа жылдық қиял»
- ✓ «Қасымда болсың анам...»
- ✓ «Армысың, әз-Наурыз!»
- ✓ «Ғарыш әлемі»
- ✓ «Ғажайып шеберхана»

5. Балалардың (қалалық және аудандық деңгейдегі жеңімпаз немесе қатысушы) конкурстарға, спорттық жарыстарға, үйірмелерге, фестивальдерге қатысу нәтижелері туралы мәліметтер:

Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер аудандық және қалалық деңгейдегі сайыстарға қатысты және келесі жетістіктерге ие болды:

- ✓ II –орын иегері - Бекжанова С.М: Республика педагогтарының ғылыми – әдістемелік орталығы және өнер-білім орталығы ұйымдастырған Республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі»;
- ✓ Сертификат - Г.Суюндикова, тәрбиеленушісі: Қазбекқызы Нурлла «Ана,әже және мен» атты Республикалық конкурстың қалалық деңгейі; Астана дарыны және Білім басқармасының әдістемелік орталығы;
- ✓ I –орын иегері – Сейсек Нұршат және «Самғау», «Аққу»,«Қарлығаш», «Тұлпар»,«Сұңқар» топтары, Республика педагогтарының ғылыми – әдістемелік орталығы және өнер-білім орталығы;
- ✓ Гран –при иегері «Шұғыла» оркестрі, II- дәрежелі диплом, «Тұлпар» триосы және Сейсек Нұршат, «Бала Шабыты» халықаралық конкурсы.
- ✓ III – орын иегері Кожагулова адель, жетекшісі А.Уразалинова, XVI «Жұлдызды жол» интеллектуалдық олимпиадасының аудандық кезеңі, Астана дарыны және Білім басқармасының әдістемелік орталығы;
- ✓ III – орын иегері «Қарлығаш» тобы, «Қызыққа толы сәттер» республикалық байқауының қалалық деңгейі, Астана дарыны;
- ✓ II –орын диплом иегері «Қарлығаш» тобы, жетекшілері Г.Суюндикова, Е.Жургенов, Р.Мансуров, қалалық «Брейн-ринг» байқауының аудандық кезеңі, Астана дарыны және Білім басқармасының әдістемелік орталығы;
- ✓ I –орын иегері – эстрадалық вокал номинациясы бойынша Е.Жургенов және «Қошақан», «Қыран»топтарының тәрбиеленушілері, Республика педагогтарының ғылыми –әдістемелік орталығы және өнер-білім орталығы;
- ✓ «Үздік инновациялық технология» номинация сертификатының иегері – Г.Суюндикова, «Біз мектепке барамыз» қалалық акциясы, ұйымдастырушы Білім басқармасының әдістемелік орталығы;

- ✓ Сертификат – Г.Суюндикова, Г.Мукашева, «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» атты конкурсының қатысушылары, ұйымдастырушы Білім басқармасының әдістемелік орталығы, Астана қаласы.
- ✓ iBars мобильді ойыны бойынша балабақшаның құрама тобы «Шұғыла» тобы ІІІ –орынға ие болды, сайыс Астана қаласы Алматы ауданы әкімдігімен ұйымдастырылды.

Алынған нәтижелерді талдау нәтижесінде келесі жылы балалармен шаралар өткізу кезінде педагогтердің ынтымақтаса дайындалуына ерекше назар аудару қажет деген қорытынды жасалды.

6. Тәрбиешінің кәсіби даму нәтижелерін талдау: өздігінен білім алу, қайта даярлау курстарынан өту, әртүрлі деңгейдегі әдістемелік бірлестіктердің жұмысына, семинарларға, аттестаттауға қатысу.

Жыл бойы педагогтер өздерінің педагогикалық тәжірибесін қалалық деңгейде таратып, ашық сабақтар өткізілді:

Астана қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығы ұйымдастырған қалалық «Біз мектепке барамыз» акциясына Г.Суюндикова «Қарлығаш» мектепалды тобымен қатысып, «Ғарыш әлеміне саяхат» атты ұйымдастырған іс-әрекетін көрсетті.

Топ тәрбиешілерімен келесі шаралар бірлесіп жоспарланды және өткізілді:

2022-2023 оқу жылына Астана қаласы Білім басқармасымен 05.09.2023 жылы бекітілген № 705 «Инновациялық жобаларды енгізу мен жалғастыру туралы» бұйрығына сәйкес «Бестемше» жобасы бойынша «Қыран» және «Қарлығаш» топтарымен жұмыс жүргізілді. Аталған жоба бойынша Дүниежүзілік тоғызқұмалақ қауымдастығының хатшысы М.Шотаевтың қатысуымен педагогтерге арналған семинар өткізіліп, бестемше тақтайшалары сатылып алынды. Сонымен қатар 2023 жылдың сәуір айында балабақша кеңістігінде бестемше ойыны бойынша аудандық сайыс өткізілді. Бұл балабақшалармен өзара байланыста болу және қалалық деңгейдегі іс-шараларды өткізуге педагогикалық тәжірибені жинақтауға мүмкіндік берді.

Бұйрыққа сәйкес «Реджио педагогикасы оқу тәрбие процесінде» жобасы бойынша «Тұлпар», «Жұлдыз» ересек топтарында Л.Кетебаева мен Е.Керкимбаева жұмысты жүзеге асырды. Жоба тақырыбына сәйкес топтарында жұмыс ұйымдастырып, қалалық тәжірибе алмасу семинарларына қатысты.

Музыка және дене шынықтыру жетекшілерімен белсенді ынтымақтастықта бақшаішілік іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Алтын күз», «Жаңа жыл», «Армысың, әз-Наурыз», «Әкем және мен», «Мен және отбасым», «көңілді эстафеталар», «Жігіт сұлтаны», «Ақпыз, қара, сарымыз, ағайынбыз бәріміз» атты іс-шараларға ата-аналардың белсене қытысып, қызығушылықтарын танытты.

Оқу жылында 6 педагог біліктілік санатын арттыру мақсатында өтінім беріп, 1 үміткер педагог-модератор санатына ие болды. Қалған 5 педагог портфолио жинақтау бойынша және педагогтің білімін бағалауынан өте алмай, күзге өтінім қалдырды.

Сонымен қатар 11 педагог біліктілік арттыру курстарына қатысып, келесі тақырыптары бойынша сертификаттарға ие болды:

1. Бекжанова С.Б

"Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту"

2. Уразалинова А.К

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту"

3. Сатаева А.Б

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту"

4. Мукашева Г.А

"Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау"

5. Сабыр Г.Ж

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту"

6. Рахымжанова Ч.М

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»

7. Курманбаева Ж.С

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту"

8. Жургенов Е.Т

«Развитие профессиональных компетенций музыкального руководителя дошкольной организации»


9. Кушенбаева Э.Б, Мансуров Р.Г, Бахиева Б.О

"Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту".

Топ тәрбиешілері ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекетінде, тәрбиеленушілердің өзіндік іс-әрекетінде негізгі білім беру іс-әрекеті шеңберінде ғана емес, сонымен қатар режимдік сәттер барысында да білім беру міндеттерін шешуді жүзеге асырды. Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында дәстүрлі (бақылау, әңгімелесу, салыстыру, мониторинг, жеке жұмыс), сонымен қатар денсаулық сақтау технологиялары, дәстүрден тыс жұмыс әдістері (психогимнастика, саусақты гимнастика, тыныс алу гимнастикасы және т. б.) қолданылды.

2022- 2023 оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтердің сапалық құрамы

Жалпы педагогтердің саны	Бейіні бойынша	Біліктілік санаты бойынша	Біліктілікті арттыру бойынша
31	29	14	25
	93%	45%	80%



6. Ата-аналармен және қоғаммен жұмысты талдау

Жыл бойы топта ата-аналармен қарым-қатынас бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді.

Ата-аналар балабақша мен топтың бірлескен шараларына белсенді қатысты. Оқу жылы бойы балалар мен ата-аналарға әртүрлі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік берілді. Атап айтсақ мерекелік, спорттық іс-шараларына, топтардың заттық- дамытушы кеңістігіне жаңа бағдарлама талаптарына сай өзгерістер енгізуіне ат салысып, №4 «Педагогтер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы балабақшада заттық-дамытушы ортаны құру мен жақсартудың инновациялық тәсілдері» атты педагогикалық кеңесіне әртоптан 2 ата-анадан қатысып, өз ұсыныстарымен бөлісті.

7. Заттық-дамыту кеңістікті жаңарту бойынша жұмыс.

Заттық -дамытушы кеңістікті жаңарту жөніндегі жұмыстар ауқымды болды.

Заттық-дамытушы орталықтарға өзгерістер енгізілді. Өзгерістер енгізу барысында ортаның қолжетімді, ыңғайлы, қауіпсіз, белсенді болуына назар аударылды. Жұлдыз, Тұлпар, Айгөлек, Балапан топтарында заттық-дамытушы ортаға өзгерістер енгізу бойынша нақты ұйымдастырылған жұмыс балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағымды әсер етті. Балалар үлкен белсенділік танытты, ата-аналар тастанды заттардан құрал-жабдықтар жасауға ат салысты. Жылдық қоыртынды ұйымдастырыған іс-әрекеттерді бақылау нәтижесінде аталған топтарда тәрбиеленушілермен жүйелі жұмыс жүргізілгені айқындалды.

8. Өткен оқу жылына жалпы қорытындылар

Оқу жылы бойы келесі мәселелер бойынша жұмыс жасалып, жетістіктерге қол жеткізілді.

Мәселелер:

- ✓ Топтардың компьютерлік техникамен, интербелсенді тақтамен қамтамасыз етілмеуі.
- ✓ Ата-аналардың балабақшамен ынтымақтастығының төмен деңгейі;
- ✓ Балалардың жеке қызығушылығына қарай дамыту жұмысының іске аспауы;
- ✓ Ерекше білімді қажет ететін балаларға жағдай жасалмауы;
- ✓ Педагогтердің 3 жылда 1 реттен сиретпей білілктіліктерін арттыруы.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:

- ✓ 4 топ компьютерлік техникамен жабдықталды;
- ✓ Қарлығаш мектепалды тобына интербелсенді тақта орнатылып, тәрбиеші Г.Суюндикова ұйымдастырған іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында TopIq платформасын қолдана отырып, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен жүйелі жұмыс жасады;
- ✓ Жылдық жоспарға сәйкес ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылып, ата-аналардың белсенділігі артты;
- ✓ Балалардың жеке қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында ата-аналардың сұрансыны бойынша шахмат, каратэ, хореография, шығармашылық шеберхана, роботты техника, домбыра, логопед, вокал үйірмелері ашылып, қосымша ақылы қызмет аясында жұмыс жасады;
- ✓ Ерекше білімді қажет ететін балалармен толыққанды қызмет көрсету үшін балабақша логопед, психолог, дефектолог мамандарымен жасақталды;
- ✓ Педагогтердің біліктілігі мен санаттарын көтеру мақсатында перспективалық жоспар құрылып, педагогтермен әдістемелік кеңестер өткізілді

Сонымен қатар МЖМБС сәйкес топтық заттық-дамытушы ортасын жетілдіру, балабақшада тәрбиеленушілермен жұмыс жасауға педагогтерге қолайлы жағдай жасау жұмыстары жалғастыруда.

